

если за её реализацию возьмутся профессиональные педагоги, способные воздействовать на личность с разных сторон.

Литература:

1. Короткова М.В. Методика обучения истории в схемах, таблицах, описаниях. - М.: Гуманит. изд. центр «ВЛАДОС», 1999. – 192 с.
2. Александрова О.М. Аристова М.А. Добротина И.Н. Гостева И.П. Читательская грамотность школьника (5-9 кл.). Книга для учителя. – М.: Российский учебник, 2018. – 67 с.
3. Алексахина И.Ю. Формирование и оценка функциональной грамотности учащихся. – СПб: Каро, 2019. – 160 с.

Мусина В.Т., Айтжан П.Т.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қалыбекқызы Г.
«№17 Жалпы білім беретін мектебі», Қарағанды қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ-ЗАМАН ТАЛАБЫ

Аннотация. Бұл мақалада функционалдық сауаттылықтың оқушы өміріндегі ерекше орны айқындалып, ұлт болашағын тәрбиелеудегі білім деңгейі сараланды. Оқушының таным мен білік, білім дағдыларын қалыптастырудағы функционалдық сауаттылықтың рөлі нақтылап, креативті әдістер ұсынылған.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, әдістер, ақпараттық технология, логикалық ойлау, жағдаяттық тапсырма, бәсекеге қабілетті оқушы.

Өзгермелі әлемнің талаптарына сай оқытуда мұғалімдердің алдында, оның ішінде бастауыш білім беруде жаңа әдістерді енгізу, оқушыны қызықтыру басты мақсатымызға айналды. Жанартылған білім мазмұнына сай оқыту мен оқу үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін түрлі жаңашыл әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге, сыни көзқарасы қалыптасқан, сауатты, бәсекеге қабілетті білім алуға талпынған тұлға қалыптастыру басты мақсат болып табылады.

Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын (жаратылыстану, математика, оқу және жазу) қалыптастыруда, ең бастысы оқушыларды ғылыми біліммен қаруландыру міндеті аса маңызды болып отыр. Осы орайда оқытудың ғылымылығы, яғни ғылымға бағыт-бағдар беру басты жетекші рөл атқарады.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа кіру қабілеттілігі және аса тез бейімделуі мен жұмыс істеуі.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі [1].

Функционалдық сауаттылықтың ерекшеліктері:

- ✓ оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру үшін базалық деңгей болып табылады;
- ✓ тұрмыстық проблемаларды шешуге бағытталады;
- ✓ адамды нақты жағдайлардағы тәртібіне байланысты сипаттайды;
- ✓ стандартты мәселелерді шешумен байланысты;
- ✓ ең алдымен ересек адамдарды бағалау үшін пайдаланылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады. Ал, күнделікті тез өзгеріп жатқан дүниеде білім беру сапасына деген жауапкершілікті күшейту қажет. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Осы орайда мектептерде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалай дамытуға болады, оның тиімділігі неде?- деген заңды сұрақ туындайды.

Функционалды сауатты оқушы – бұл пәндік, пәнаралық, интегративтік білімдер, ептіліктер, дағдылар және функционалдық мәселелерді шешу әдістері жиынтығы ретінде алынатын іс процесінде пайдаланылатын, қабылдау, ақпаратты өзгерту, типтік оқулық және қоғаммен қарым-қатынас есептерін шығару процесімен байланысты қажетті және жоғары деңгейдегі білімге ие болатын тұлға.

Жай сауаттылық– адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылыққа бейімделу, оның қалыптаса бастауы бастауыш мектептен бастау алады. Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады.

Функционалдық сауаттылыққа бейімделу, оның қалыптаса бастауы бастауыш мектептен бастау алады. Қазірде олар оқитын пән оқулықтарының мазмұны көбіне алғашқы сауаттылықтан басталып, әрмен қарай дамып, жүйелене түседі. Ол үшін функционалдық сауаттылыққа жататын білімдер мен біліктердің, әсіресе, жиі қолданылатын іс-әрекет түрлерінің өзара тәуелділігін, бірімен бірінің үндестігін оқулықтардағы мазмұнының мәтінімен байланыстыру қажет. Сонымен қоса білім беру деңгейлеріндегі оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша біртұтас әдістемелік жүйенің жасалуын талап етеді. Ол білім берудің мақсатынан бастап оқытудың түпкі нәтижесі не дейінгі аралықтағы компоненттердің бірлігі арқылы жүзеге асуы тиіс. Сондықтан мақсатқа қол жеткізудің басты құралы саналатын білім мазмұнын білім беру деңгейлерінде оқушының функционалдық сауаттылығына негіз деп құру тиімді болмақ. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушылардың коммуникативтік, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу және тағы басқадай негізгі құзіреттіліктеріне бағыттталып жүргізілгенде ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге болады.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз. Елбасымыз Н. Назарбаев: «Қазіргі заман мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс-тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыру үшін мұғалім шебер болуы керек. Ол баланы қалай оқыту, оның сабаққа деген ынтасын қалай ашуға болады деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасауы тиіс. Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді. Күтілетін нәтиже:

- мағынаны ажырата алады;
- топпен жұмыс істеу құзіреті артады;
- көшбасшылық анықталады
- білім, білік, дағды деңгейі көтеріледі
- өз ойын айтуға төселеді
- функционалдық сауаттылығы артады.

Ұлттық жоспарда көрсетілген функционалдық сауаттылықтың екінші механизмі – оқу нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту. Бағалау жүйесі функционалдық сауаттылықта сырттай бағалау және іштей бағалау болып табылады. Іштей бағалау-оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау. Ал сырттай бағалау- әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері (ҰБТ, ОЖСБ-БОУД) .Сондай-ақ халықаралық (TIMSS, PISA, PIRLS) зерттеулерге қатысуы. Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі

жетілдіру үшін жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Критериялық бағалау жүйесі енгізілді.

PISA зерттеулері қазіргі уақытта мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында алынған деректер тұтастай оқытудың мазмұны мен әдістері ретінде, сондай-ақ контексті факторлардың (басқару моделі, оқыту тілі, отбасының және т.б. әлеуметтік мәртебесі) мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейіне әсері ретінде білім беру жүйесін дамыту стратегиясын анықтауға негіз болады. Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыста рына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б) болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Қазіргі таңда оқушының функционалдық сауаттылығымен қалай күресу керек? Білім беру саласында ойымыз сан-саққа жүгіреді. Егерде әр қайсымыз терең ойланып, біліктілігімізді жетілдіріп отырсақ осы сұрақ төңірегінде әр мұғалімді ойландырып сабақтарында жаңа бағыт тауып жұмыс істеуге итермелейтін күш туар еді. Қоғам талабына сай біз, ұстаздар оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру мен дамыту үшін жаңа инновациялық технологияларды игеріп, оларды оқу процестерінде қолдану қажеттіз.

Әдебиеттер

- 1.«ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» 2010ж.
2. ҚР Жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандарттары // 12 жылдық білім беру 2012ж.
3. ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. 2010ж.
4. Тұрғынбаева. Б. А .Ұстаздық шығармашылық. Алматы. 2007ж
5. «Қазақ әдебиеті - тұлғаның рухани дамуының бастауы» - Алматы-2005 ж. 96-148 б.
6. М.Жұмабаев, Педагогика, – Алматы, 1992.

**Муслимова Э.К., Ибраева Э.С., Шаушекова Б.К.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.**

КӨШБАСШЫЛЫҚ ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН ДАМУ ФАКТОРЫ

Аннотация. Қазіргі уақытта әлеуметтік өмірге, практикалық қызметке белсенді қатысаалатын, таңдау жағдайында өз бетінше шешімдер қабылдай алатын, ынтымақтастыққа қабілетті, ұтқырлығымен, бәсекеге қабілеттілігімен ерекшеленетін «көшбасшылық» қабілеті дамыған адамдарсұранысқа ие. Кең теориялық және эмпирикалық зерттеулеросы құбылысқаарналған. Бұл мақаланың басты тақырыбы кіші мектеп жасындағы оқушы бойында көшбасшылық қабілетін анықтауға, оны ерте жастан танып білугеарналған.

Кілт сөздер: көшбасшы, көшбасшылық, тұлға, балалар, мұғалім.

Жалпы көшбасшы - белгілі бір қауымдастықтың мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған, бірлескен іс-әрекеттерді біріктіреалатын, сонымен қатар басқаларға әсеретеалатын адам. Қоғамдық өмірде көшбасшыны белгілі бірадамдар тобындаен беделді тұлғаретіндеіс-әрекеттің барлық дерлік түрлерінде және кез келген кезеңіндеанықтауға болады.

Көшбасшы (ағылшынша «leader» – басқарушы деген мағынаны білдіреді) – нақты ресми және бейресми ұйымдағы бірадамның басқаадамға немесе топқа әсерету арқылы басқарудың көрінісі. Осы пікірді ұстанаотыра, ұлы рухани ұстаздардың көшбасшылық туралы ойларымен бөліссем Сократтың «Әділдік пен шыншылдық бір билеушінің бойынан табылса, ондаоның шыншылдығы мен әділдігінің арқасында өз өмірі де, билеп жатқан адамдарының өмірі де шаттыққа бөленеді.Егер билеушіадамның бойында әділдік пен шындық біріксе, ол басқарып отырған мемлекеттің құрылымы өтесапалы, қабылданған заңдары жоғары деңгейде болады... Билеушіден халқыңды бағындыр деп сұрау қажет емес, халықтың өзіақылды билеушінің басқаруын қалауы керек»; Бауыржан Момышұлының «Егер билік ақылды адамның қолына берілген болса – ондаол көшбасшығаал егерақымаққа берілген болса – ондаесерсоққаайналады» деген сөз жолдарын кезіктірсек болады. Иә, көшбасшы болу,